

ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

«Академик» отмечает юбилей вуза



ОРНЫ БӨЛЕК ДАЙЫНДЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ



АҚПАРАТ ӘЛЕМІНДЕГІ
КІТАПТЫҢ РОЛІ



№1 (216), қаңтар, 2024 ж.

СИНЕРГИЯ МИНИСТЕРСТВА НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РК И QS QUASQUARELLI SYMONDS

В рамках участия в конференции Bett UK-2024 в Лондоне состоялась встреча министра Sayasat Nurbek с основателем и Президентом QS Quasquarelli Symonds Нунцио Квакарелли.

Цель встречи – обсудить дальнейшие планы взаимного партнерства с международным рейтинговым агентством Quasquarelli Symonds для улучшения сферы высшего образования Казахстана.

В ходе встречи достигнута договоренность о двустороннем сотрудничестве между Министерством науки и высшего образования РК и Quasquarelli Symonds.

Сотрудничество будет осуществляться в таких направлениях, как участие казахстанских вузов в международных рейтингах, в особенности по научным исследованиям. Также тесная работа будет вестись по усилению грамотности ИИ, Целей устойчивого развития, в создании Центров карьеры в каждом университете, где будет оказываться различная помощь и поддержка в поиске работы.



Немаловажным фактом является обсуждение двух сторон о дальнейшем развитии проекта Атлас новых профессий и компетенций Казахстана на международном уровне через различные инструменты QS.

Кроме того, Саясат Нурбек и Нунцио Квакарелли рассмотрели варианты интеграции Edunavigator с передовым инструментом по поддержке студентов в построении карьеры - 1mentor.io.

Отметим, Edunavigator.kz - это государственная профориентационная платформа, которая подбирает профессию и программу обучения в учебных заведениях Казахстана под архетип человека.

Помимо сотрудничества Министерства и QS, в рамках конференции Satbayev University первым из казахстанских вузов присоединился к глобальной инициативе Future 17.

Присоединение к образовательному партнерству ведущих университетов мира и глобальных компаний расширяет возможности участников консорциума влиять на глобальные вызовы современности.



СТАЖИРОВКА НА БАЗЕ ТАШКЕНТСКОГО ХИМИКО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО ИНСТИТУТА

На основе двустороннего договора между Южно-Казахстанским университетом имени М.Ауэзова и Ташкентским химико-технологическим институтом Республики Узбекистан в целях повышения международного сотруд-

ничества и профессиональной квалификации профессорско-преподавательского состава 15 преподавателей Высшей школы «Химическая инженерия и биотехнология» с 15 января 2024 года по 15 февраля пройдут стажировку

по индивидуальному плану на базе Ташкентского химико-технологического института. Программа стажировки включает учебно-методический, научно-исследовательский и профессионально-квалификационные модули.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫСҚЫ МЕКТЕПТІҢ АШЫЛУЫ ӨТТІ



Жуырда оқу ордасында «Жаратылыстану пәндерін оқытудағы заманауи тенденциялары» атты халықаралық қысқы мектептің ашылуы өтті.

Іс-шараға ғалымдар -Жаратылыстану ғылымдары және педагогика жоғары мектебінің деканы, п.ғ.к., доцент Нұрлыбай Көкешұлы Мадияров, М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің «Информатика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., Жайдакбаева Ляззат Қуандықызы, Сакарья университетінің профессоры (Түркия) Али Чорух, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің Білім беру бағдарламаларын басқару және лицензиялау орталығының меңгерушісі, х.ғ.к. Адырбекова Гүлмира Меңлібайқызы қатысты. Оқытушылар іс-шараның маңыздылығына тоқталып, өз ойларымен бөлісті.

сының меңгерушісі, п.ғ.к., Жайдакбаева Ляззат Қуандықызы, Сакарья университетінің профессоры (Түркия) Али Чорух, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің Білім беру бағдарламаларын басқару және лицензиялау орталығының меңгерушісі, х.ғ.к. Адырбекова Гүлмира Меңлібайқызы қатысты. Оқытушылар іс-шараның маңыздылығына тоқталып, өз ойларымен бөлісті.



РАТМИР ЕНИКЕЕВ АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА АЛТЫН МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ

2024 жылғы 11-23 қаңтарда Әл-Кувейт қаласында (Кувейт) стэндатудан Азия Чемпионаты өз мәресіне жетті. Оған Азия континентінің 35 елінен 350-ден астам спортшы қатысты.

Догада Қазақстан намысын 18 спортшы қорғап, олар "трап" және "скит" жекелей, аралас және командалық сынақтарда өз шеберліктерін көрсетті.

Жасөспірімдер арасында «скит» жаттығуының командалық есебінде Қазақстан құрама командасы алтын медаль жеңіп алды. Біз үшін жағымды жаңалық команда құрамында: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің студенті Еникеев Ратмир бар.

Жалпыкомандалық есепте Қазақстан құрамасы 2-орынды иеленді. Жеңімпаздарды құттықтаймыз!

«Академик» отмечаёт юбилей вуза

Южно-Казахстанскому университету им. М.Ауэзова исполнилось 80 лет. Юбилей своего вуза по-своему отметили члены футбольного клуба «Академик».



Клуб любителей футбола «Академик» был создан в 1979 году молодыми тогда преподавателями инженерно-строительного факультета Казахского химико-технологического института Акбулатом Ахметовым, Нурболатом Мураталиным и Ергешом Махмудовым. Эта инициатива нашла поддержку у заведующего кафедрой физвоспитания Мадияра Спандиярова, а также у руководства института. Клубу выделили время – три раза в неделю для занятий в большом зале спорткомплекса КазХТИ (возле кинотеатра «Казахстан»). Клуб пополнился молодыми преподавателями и сотрудниками института, также преподавателями других учебных заведений города, среди которых можно выделить Валериана Нама из политехникума – одного из технических игроков тогдашнего Чимкента.



Успехи клуба «Академик» в пропаганде здорового образа жизни и развитии массового футбола были отмечены грамотой Центрального комитета профсоюзов СССР. О нашем клубе писал еженедельник «Футбол-Хоккей», издаваемый в Москве. К сожалению, время неумолимо... Мы потеряли всех наших организаторов нашего клуба – доктора технических наук, профессора Ахметова Акбулата Раимбековича, кандидата технических наук, доцента Мураталина Нурболата Калиековича, старшего преподавателя Махмудова Ергеша Раззаковича, кандидата педагогических наук, доцента Испандиярова Мадияра Испандияровича. Мы – члены клуба – не забываем своих учителей, поэтому в дни, когда наш университет отмечает свое 80-летие, мы решили провести турнир по мини-футболу памяти ветеранов «Академика».

Клуб получил известность в городе; его стали приглашать на соревнования, проводимых как в городе, так и в области. Наиболее близким партнером «Академика» стала команда областного комитета комсомола во главе с первым секретарем Нурдаулетом Сарсеновым. Благодаря Сарсенову в 1985 году в Алма-Ате состоялся товарищеский матч с ветеранами «Кайрата», в составе которого играли легенды казахстанского футбола Тимур Сегизбаев, Сеильда Байшаков, Курбан Бердыев и другие.

В турнире, прошедшем 19 ноября 2023 года в нашем старом добром зале по ули-



це Рыскулбекова, приняли участие четыре команды: «Академик-50», «Академик-40», «Механик» и наши друзья – команда Высшего колледжа новых технологий им. Манапа Утебаева. Перед началом соревнований были зачитаны праздничные поздравления, в том числе и от Федерации футбола города Шымкента. Главным судьей соревнований был судья национальной категории Ибишев Яйла. Игры проводились по олимпийской системе и прошли в бескомпромиссной борьбе. Например, в одном из полуфиналов, который закончился со счетом 1:1, победителя пришлось определять в серии пенальти. В решающей финальной игре встретились команды «Академик-40» и «Механик». Игра проходила с переменным успехом, команды попеременно выходили вперед. В команде «Академик-40» бомбардирские

качества проявил капитан команды Айдар Большбек, но все-же последнее слово осталось за «Механиком», в составе которого отличился Нурлыбек Отарбаев. В итоге трудная победа «Механика» со счетом 5:4, которая принесла им звание победителя турнира. В награждении приняли участие члены семей наших ветеранов; кроме вышеупомянутых – родственники Алтынбекова Феликса Ембергеновича – доктора технических наук, профессора, заведовавшего кафедрами «Детали машин» и «Процессы и аппараты химических технологий», Таукеева Болата Пазылбековича, который в свое время был начальником лагеря «Технолог» и базы КазХТИ на озере Кзыл-Коль, и Токмуратова Абдукадыра Маженовича – выпускника кафедры «Строительные материалы» КазХТИ. Были отмечены все команды-

участницы соревнований и отдельные игроки по номинациям. Родственникам ветеранов были вручены памятные подарки. Мероприятие закончилось поминальным обедом. Подводя итоги мероприятия хотелось бы поблагодарить руководство университета в лице проректора по воспитательной работе Сарымурзина Ербола, заведующего кафедрой «Физвоспитание для технических специальностей» Мажитбекова Арыстанбека и главного спонсора – заведующего лабораторией Сарсенбаева Абдукерима за оказанную помощь и поддержку при подготовке и проведении мероприятия.

Серикбаев Болатжан-руководитель клуба «Академик», доцент кафедры «Механика и машиностроение» ЮКУ им.М.Ауэзова

ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ МҮДДЕСІ ҮШІН КҮРЕСКЕН АЛАШ СЫНШЫСЫ

Өзінің жеке өмірінде, осы қызметтерді атқара жүріп, алапат аштық қарсаңында ұлт жанашырлары күйзелген елге қол ұшын беру мақсатымен Семейде «Жанар» атты ұйым құрады. Ұйымның негізгі алдарына қойған мақсаты: қарапайым халыққа көмек көрсету, ұлт бостандығы жолындағы жастарды қамқорлыққа алып, білімге, саясатқа тарту болды. Халыққа қасірет әкелген алапат аштық тұсында-Жүсіпбек Аймаутұлы осы ұйым да жұмыс жасаған серіктестеріммен бірге халыққа қол ұшын берді. Мәдени және рухани тұрғыдан, әлеуметтік жағына қолдау көрсетіп келді. 1930 жылдардың ойранына, НКВД-нің қанды шеңгеліне түскен қайран ер таланты кемелденіп, үлкен шығармашылық кезеңге бет бұрған шағында 1930 жылдың 21 сәуірінде Мәскеудегі Бутырька түрмесінде атылды.

Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан, жаһандық өзгерістер еліміздегі білім беру жүйесінде де жаңаша көзқарас, тың бағыттарды талап етуде, Қазіргі уақытта елімізде жаһандық қауымдастықтың дамыған елдер қатарына ену мақсаттарының алдына қойып отырған-қарқынды дамушы ел. Елдің әл-ауқаты, экономикалық жағдайы күн өткен сайын жақсаруда. Дегенмен біз өмір сүріп отырған ортамызда және біздің ортақ жер шарымыздағы дағдарысты жағдай кез келген саналы жанды толғандыратыны сөзсіз.

Еліміздің қолға алып жатқан бетбұрыстары халықымыздың рухани өрлеуі, болашақ ұрпақтың адами қасиеттерінің дамуына бағытталып отыр. Ел басышы Қ.Жомарт Тоқаевтың саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш партиясы азаматтарын толық ақтау жөніндегі бастамасымен, әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасында ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз армандарды ақиқатқа айналдырды.

Сондықтанда түтіні түзу, ертеңіне сенімі мол, өз ұрпағы бақытты, зайырлы қоғам орнатуда рухани-адамгершілік білім беру өте өзекті мәселе болып табылады. Болашақ ұрпақты жоғары рухани жетелейтін, адамгершілік қасиеттерін жарқыраты, жандандыратын күш бұл білім екендігін ұмытпай, рухани-адамгершілік білім бағдарламасының заманауи білім беру жүйесіне ену-бұл заман талабы болып отыр.

Әр бір адамның рухани бастауларына жол сала отырып, оның ұлылықтың бір бөлшегі екенін, Ұлы Рухтың иесі екенін сезінетін азаматтарды тәрбиелеуіміз керек. Айналадағы барлық адамдармен әлеуметтік топтар арасындағы ұлтына, дініне қарамастан «Адамзаттың бәрін сүй, баурым деп»-Абай атамыз айтқандай, ынтымақтастықта өмір сүргеніміз дұрыс. Әр бір азаматтың шексіз білімге тереңдей түсіп, сол арқылы Ақиқатты танып, айналаны Риясыз сүйіспеншілікке бөлеп, шексіз мейріммен қатыгездікке қарсы тұра біліуге, ойының, өз ісінің, сөзінің бірлігімен жан тыныштығына жетуге жол нұсқайды. Жүсіпбек Аймаутұлы атамыздың шығармалары мен өлеңдерін мұқият оқи отырып, өмірдің бізге қоятын сансыз сұрақтарына өзіміздің жауап іздеуімізге көмектесетіндігін байқамыз. Адам жалғыз қалғанда жаныңды аяздай суытатын, жүректі ауыртатын, көзіңнен шынайы жасты шығаратын, өкіндіретін, шабыттандыратын, шаттандыратын сұрақтар жауабын табуға болады. Осы сұрақтардың жауабы шексіз, мәңгілік білімнің арқасы, сол себепті білім шексіздігіне біз да-



Жүсіпбек Аймаутұлы 1889-1931 жылдары-қазақ әдебиетіне өзінің мол үлесін қосқан, қазақтан шыққан жазушы, драматург, аудармашы, қазақ әдебиеті қалыптастырушылардың бірі болған Алаш қоғам қайраткері. 1917-1919 жылдары Алаш партиясының көрнекті өкілдерінің бірі болған. 1919 жылы бірінші желтоқсанда Семейде кеңес өкіметі орнап, Губревком құрылған мезгілде көптеген қазақ жастары мен бірге мүше болады. 1920 жылы Қазақстан Кеңестерінің Құрылтайы сиезіне делегат болып қатысады. 1921 жылы Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі, «Қазақ тілі» газетінің редакторы және журналистер бюросының хатшысы қызметтерін атқарды. 1922-1924 жылдары Қарқаралыда мектеп мұғалімі, 1924-1926 жылдары «Ақ жол» газетінде бөлім бастығы міндеттерін атқарды. Қазақ институтында жұмыс істеді (Ташкент қаласында), 1926-1929 жылдары Шымкент педагогикалық техникумның оқытушысы әрі директоры болды.

налықтың құпиясын таныған ұстазымыздан іздейміз. Адам өзін-өзі танымай өзге жұртты тани алмайды. Тіл бұл адамның ішкі сырын-сыртқа шығаратын негізгі құрал. Ұлтымыздың тілі мен бақытын сақтап қалу жолында, тер төккен атамыздың ерен еңбегі зор.

Осы себепті де біздің өскелең ұрпағымызды тәрбиелеуде, ақын әрі жазушы, Алаш партиясының көрнекті өкілі болған, ұстазымызды ұмытпай, қазақ халықна жасаған ерліктерін ұмытпағанымыз жөн. Ұлтымыздың ұлы ұстаздары Төныкөк, Құлтегіннен бастау алып, Абай, Шәкәріммен негізі қаланып, Мағжан, Жүсіпбек аталарымыздан жалғасын тауып келе жатқан даналық ілімдер бүкіл адамзаттық сананы мұхиттың тереңіне бойлатып, шынайы ақиқатты тануымыз бен бастау алмақ. Талай жылдар әділетсіздікпен көзін аша алмай жатқан сол қиыншылықтан шығу жолын іздеген аталарымыз бен ұлағатты ұстаздарымыздың жасаған ерлігіне мың алғыс білідіреміз.

Қазіргі халықтың рухани жаңаруына, жанымыздың тазаруына қызмет етіп, өзінің барлық қыметімен шығармашылығын бізге арнау етіп қалдырған атамыз Жүсіпбек Аймаутұлы. Атамыз әрі аудармашы өзінің ұзақ жылдар бойы жазықсыз жапа шеккен, қазақ халықның көрнекті қоғам қайраткері. Жазушылығымен қоса, қазақ топырағында тұңғыш педагогика, психология, көркемөнер ғылымдарының саласында қалам тартып, құнды-құнды ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысып, бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының оның ішінде, «Ақ білек» романының авторы болуымен дараланған тұлған.

Жүсіпбек Аймаутұлы өзінің тәлім-тәрбие саласындағы бағыт-бағдарын 1918 жылы ақпан айында Семей қаласында жарыққа шыққан, әдеби және қоғамдық «Абай» атты журналының бас мақаласынан аңғартады. Онда атамыз «қазақ сахарасында мыңмен жалғыз алысып, жапа шеккен ағартушы Абайдың көздеген мақсаты халықын өнер-білімге, оқуға, отырықшылық, мәдениетті ел дәрежесіне жеткізу еді,-деп жазған болатын. Атамыз Абай ұсынған адамгершілік(гуманистік) жолды өзінің тыныс-тіршілігінің өмірлік арқауы етіп алады. Осы журналдың 1919 жылғы 12-сынында жариялаған Ж.Аймаутұлы «Тәрбие» атты көлемді мақаласында тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер ғылыми тұрғыдан терең баяндалған. Адамның жоғарғы рухани әлемінің ашылмауына, Ж.Аймаутұлының тәрбиенің дұрыс болмауын себепкер етеді. «Адам мінезінің, ақыл-қайратының әр түрлі болуы тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан... адам баласының ұрлық істеуі, өтірік айтуы, кісі тонауы, өлтіруі сияқты бұзақылықтар жасауы, тәрбиенің дұрыс жатіспеушілігінен»-дейді.

Ол тәрбиенің екі түрлі болатындығын атап көрсетті: жан тәрбиесі және дене тәрбиесі. Жан тәрбиесінің маңыздылығын алдымен отбасы түсінуі керектігін баса айтты. Ж.Аймаутұлының балаға әсер ететін медресе және тәрбиеші деп санайды...«Кейде-деп жазды ол, белгісіз себептермен күшті ықпал ететін, әсер ететін жағдайлардың да болуы ықтимал. Ол замандастар (құрбы-құрдастары), туған ауылы, өскен ортасы, оның діні, тілі, хәм басқа да нәрселер» деп, тәрбие мәселесіне ықпал ететін факторларды тізбектеп талдайды. «Ұяда не көрс, ұшқанда соны іледі» деп, атамыз қазақ тауып айтқан. Балаға қайрымдылықты, қатал-

дықты, кішіпейілділікті, шындықты, өткізгішті беретін кім? Ол әрине ата-ананың тәрбиесі. Баланың бойына басынан сіңген мінезді қайта түзету қиындық кетіреді. «Сүйекпен сіңген мінез сүйекпен кетеді» деген сөз ата-ана тәрбиесінің күштілігін көрсетеді-деп автор бала мінезін қалыптастырудағы отбасы мүшелерінің ықпалын айқын ашып береді.

Бала ата-ананадан не үйренсе, ата-ана да баласы арқылы рухани өсуі керектігін алға тартады. Ол бала мінезін жас шыбықтай теңейді. Жас кезінде дұрыс тәрбие алмаған бала өскенде қисық ағаш сияқты болып өсетінін, отбасында теріс тәрбиеленген баланы қайта тәрбиелеудің үлкен қиындық келтіретінін айтады. Ж.Аймауытұлының педагогика ғылым саласындағы жүйелі ой пікірлері оның 1924 жылы Орынборда басылған «Тәрбиеші жетекші» атты еңбегінен жақсы байқалады. Бұл еңбекте Ж.Аймауытұлының «мұғалім айналысатыны-үнемі қозғалып, өзгеріп өсетін, өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдіспен шектеліп қалмауға болмайды.... Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жанын табатын өнер.....»-деп оқыту, білім берудің де қасиетті өнер екендігін көрсетті. Баланың шыр етіп дүние есігін ашқан бойында Ұлы Рухтың, Ар-Ұжданның, білімге деген құштарлықтың болатынын «білімге деген ынталанушылық пен қызығушылықтың, адам бойындағы ой еңбегі күшінің қайнар көзі, сондай ақ көздерін көбірек ашу, бөгетсіз саулатып ағызу, өркендету, өнері-мұғалімнің бойына біткен қасиеті болу керек»-деген пікірі арқылы нақтылай келсек, ұстаздың өз бойында да осы қасиеттерді талап етеді.

Ж.Аймауытұлының адам баласының мәдениет тарихынан өнердің көрнекті орын алып келегіне, өнерсіз қоғамның дамуы, рухани байлықтың молаюы мүмкін еместігіне тоқталып, мектептерде әуелі кескін мен әуез өнерін, оның ішінде сурет салу, ән-күй үйретуге негіз салу керектігін, әрбір баланың өнерге деген ынтасын қозғап, өнерпаздық қабілетін тәрбиелеу қажеттілігін баса айтады. Сонымен қатар Ж.Аймауытұлының адамның өз ұлтына ғана қызмет етуі-өзіміздіктің бір көрінісі, халықтар тек өз ұлтының шеңберінде қалмауы тиіс, өмір өзі оған жол бермейді, ұлтшылдықтың өзі адамгершілікке жатпайды деген пікірлерін айтқан. Бұл пікірлер әр адам өз ұлтын жақсы көре отырып, басқаларды да өз ұлтындай, өз бауырындай сүйіспеншілікке бөлеудің маңыздылығын айқындай түседі. Ж.Аймауытұлының мол мұрасы, даналық ойлары сұрақтарына жауап іздеген әр адам үшін құнды. Даналар өздері кетсе де сөздері, халыққа жасаған жақсы істері, мейрімге толы ойлары адамзаттың ақиқатты іздеуі жолындағы шамшырағына тең. Рухани-адамгершілік білім бастаулары, рухани ұстазымыздың тағлымдарын зерттеп, саралап, өскелең ұрпаққа жеткізе білу кез-келген ұстаздың басты міндеті болмақ.

Алаштың танымал тұлғасы, қазақтың қара сөзінің құлжасы Ж.Аймауытұлының жарияланбаған оншақты әңгімесі мен қазіргі оқырманға мүлдем беймәлім болып келген елуден астам мақалалары мен жазған очерктері архивтерден табылып отыр. Қапастағы қараңғы қоймадан, шаң басқан архивтен шиырлап іздеп олжа салған, сәуле түсіріп, осы інжу-маржандарды қайыра қалың жұртқа ұсынып отырған дарынды ақын, әдебиеттанушы ғылым, Жүсекең мұрасын зерттеуші-Нұржан Қуантайұлының бұл шығармалары оның «Ғылым» баспасынан жарық көрген 5 томдық толық жинағына да енгендігін, екінші рет еш қайда жарияланбағандығын айта кеткеніміз жөн деп санаймыз. «Елеусіз ерлер» атты әңгімесі 1920 жылдары Ташкентте шығып тұрған «Ақ жол» газетінің қосымшасы-«Сәуле» әдеби журналының 1924 жылғы қараша айындағы 6-санында жарық көрген екен. Әңгімені арапшадан қазіргі қаріпке түсіріп ұсынып отырған- филология

ғылымдарының кандидаты Нұржан Қуантайұлы екенін еске саламыз.

Жүсіпбек Аймауытұлының ұлттық сөз өнерінің әр алуан саласында ерен еңбек еткен. Оның қаламынан туған, әсіресе ақындық әлемін танытатын «Сарыарқаның сәлемі», «Көшу», «Нұр күйі» өлеңдері бар. Кемел прозашыл «Әнші», «Елесі», «Жол үстінде», «Қарабақсы» әңгімелері, «Күнекейдің жазығы», «Ақбілек» романдары, драмалық жолда жазылған: «Сылаң қыз», «Мансарқорлар», «Рабиға», «Ел қорған», «Қанапия-Шәрбану», «Шернияз», ал айтулы аудармашылық қызметінде, «Сараң сері», «Тас мейман», «Бақылаушы», «Бейшаралар», «Дәмелі», «Тау еліндегі оқиға» тақырыптарында орыс ақын жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударған. Сындарды сыншылығы жолында, «Мағжанның ақындығы туралы», «Аударма туралы», «Аударма туралы», «Сұқар жыры», адам жаны жүйесінің білікті білгір екендігін -«Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Косплекспен оқыту жолдары», «Жаңа ауыл» және басқада ғылыми еңбектері табиғи талант қырларын жан-жақты жарқырата көрсетті. Балаларға арналған-«Жаман тымақ», «Көк өгіз», «Шалмен кемпір», «Үш қыз» сынды ертегілер қарпайым мәтін мен көркем суреттің табиғи тұтастығы мен үндескен үлесін бізге терең танытты. Ең маңыздысы, бұл еңбектердің де рухани-тәлімдік қырлары мәнді болып келетіндігін біз кең ауқымды жұмыстарды атқару барсында зерттеп келеміз.

*Тіресіппіз, күресіппіз сан ғасыр
Қазақ елім асқар тауым белесім
Жүрегімде қалды сенің елесің,
Сан ғасырлық тарихымның куәсі
Өткен өмір зерттеп мені келесің*



*Аязды күн, аязды түн өткенде
Ашаршылық кең далама жеткенде,
Қызылдар мен ақтар болып бөлініп
Ойран салып ауылдарды кеткенде*

*Ақ пен қызыл аямады қазақты
Көрді жұртым қара ниет азапты,
Ауыр жылда құрбан болды жазықсыз
Шет ел асып ұрпақтары тарапты*

*Құжаттарды талдап бүгін қарасақ,
Ресей асып, Қытай асып тарасақ
Тіресіппіз, күресіппіз сан ғасыр,
Талып жетті содан бізге болашақ* Авторы: Досыбай Н.Ж.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Шымкент өңірлік комиссиясының Жұмыс тобының жетекшісі, М.Әуезов атындағы ОҚУ «Рухани жаңғыру және ҚХА» орталығының басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты Гүлнар ЖАНЫСБЕКОВА және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжінің директоры, тарихы ғылымдарының докторы, профессор Әлібек Сейдахан Нұрмаханұлымен бірге, тарихи құжаттарды анықтап, зерттеп, республикалық және облыстық мұражайларда байланыстар орнатып келеміз. Өткен уақытымыз бен өткен өміріміздің, тарихи құжаттарымыздың құнды деректерін зерттеу арқасында, жастарға зиялы қауым өкілдеріміздің өмірі кеңестік саясаттың қыспағына ұшырап, құнды деректердің бізге жетпей, құпиялы архивтерде сақталып, шаң басып жатқан өкінішті. Сол заманғы кеңестік саясаттың кесірінен елімізге өзінің мол мұрасын қалдырып, қазақ әдебиеті мен тарихына өшпестей із қалдырған зиялы қауым өкілдерінің еңбектерін зерттеу біз үшін басты құндылықтың бірі болып отыр.

Н.Досыбай, Қазақстан тарихы пәні оқытушысы, саясаттанушы-магистрант



ЖАС ҰРПАҚҚА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алған 32 жыл бойына біздің қоғам халықтың жоғары ұмтылысын білдіретін, қоғамдық санада баянды етілген құндылықтар мен идеалдар жүйесіне арқа сүйеп келеді. Сол арқылы еліміз тәуелсіз, ұлттық-демократиялық мемлекеттіліктің өзіндік моделін құрды. Оның негізін қалаушы құндылықтар ретінде патриотизм, этносаралық және конфессияаралық бейбітшілік пен келісімді, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын айта аламыз. Бұл құндылықтар еліміздің ұлттық бірлігін нығайтуға ықпал ететіні сөзсіз.

Патриотизмге, туған жеріне деген сүйіспеншілікке негізделген біртұтас идеология құруға ұмтылу – өте күрделі міндет. Қазіргі заманғы қоғамды патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты – азаматтардың бойында жоғары патриоттық сананы, өз еліне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру. Сол арқылы біз жастарды Отан мүдделерін қорғау бойынша азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға дайын болуға дағдыландыра алады.

Патриоттық тәрбие идеясы, оның өзекті қажеттілігі әрбір мемлекетте мойындалады және тәрбиенің басты бағыттарының бірі болып табылады.

Патриотизм ұғымы өте терең, баға жетпес мәнге ие. Патриотизм (грек. - Отан) - Отанға деген сүйіспеншілік, оның тағдыры үшін жауапкершілік сезімі, оның мүдделеріне қызмет етуге және ішкі өмір саласында және халықаралық аренада оның жетістіктеріне әсер етуге дайындығы мен қабілеті. Отан сезімі - бұл қасиетті сезім. Кеңестік патриотизмде өскен және тәрбиеленген ұрпақ барлық посткеңестік мемлекеттерге әсер еткен дәуірлік қайта құруларды бастан кешуде, өйткені мемлекеттік құрылыс және мемлекеттілік тұжырымдамасымен жаңа мемлекеттер пайда болды.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы өзін тұрып, еңбек етіп жатқан мемлекеттің бір бөлігі ретінде сезінгенде ғана «қазақстандық» деген атқа абыроймен ие бола алады.

Бұл ұғымды әрбір қазақстандық жанымен және жүрегімен адамгершілік тұрғыдан ұғынуы үшін, патриоттық азаматтық ұстанымды іс жүзінде жүзеге асыруы үшін әрбір адамда қазақстандық патриотизм сезімін тәрбиелеу қажет.

Нағыз патриот адам:

- мемлекет өміріндегі өз рөлін түсінеді;
- Отанын жақсы көреді;
- халқына адал;
- Отанымыздың өткені мен бүгінгісін мақтан тұтады, болашағына қамқорлық жасайды;
- мемлекеттік рәміздер мен халықтың дәстүрлерін біледі және құрметтейді;

- белсенді азаматтық ұстанымымен ерекшеленеді;
- қоғамдық және саяси оқиғаларға, республиканың өміріне қызығушылық танытады;
- Отанды және оның мемлекеттік мүдделерін қорғауға тиіс;
- мемлекеттік тілді, орыс тілін және әлем тілдерінің бірін біледі;
- басқа ұлттар мен діндер өкілдеріне тағаттылық танытып, құрмет көрсетеді;
- жерлестерінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін сезінеді.

Өз елінің патриоты болу - абыройы мен қадір-қасиетіне ие кез келген адам үшін әрқашан үлкен құрмет. Бірақ патриоттар туылмайды, олар қалыптасады. Сонымен қатар, сенімді дамып келе жатқан мемлекетте патриоттық тәрбие тек шығармашылық процесс ретінде бағаланбауы керек. Бұл сондай-ақ жастар үшін, елдің болашағы үшін күрес, мәжбүрлі көші-қон, қылмыстың, нашақорлықтың, маскүнемдік пен экстремистік көңіл-күйдің өсуі сияқты жағымсыз құбылыстарға қарсы күрес.

Азаматтарды, оның ішінде балалар мен жастарды патриоттық тәрбиелеу жөніндегі жұмыс одан әрі жетілдіруді және дамытуды талап етеді. Көптеген адамдардың санасында өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу тек әскери парызды орындауға ғана байланысты, бұл патриоттық тәрбие ұғымының мазмұнын айтарлықтай тар етеді. Бүгінгі таңда жастарды патриоттық тәрбиелеу патриоттық сананы, оның ішінде мемлекеттік сананы қалыптастыру, сондай-ақ өз Отанына деген адалдық пен жанқиырлық сезімін тәрбиелеу, азаматтық борыш пен негізгі конституциялық міндеттерді орындауға дайындық талаптарына толық жауап бермейді. Қазақстандық патриотизм-ерекше нәрсе. Себебі бұл жағдайда көп ұлтты Қазақстан халқының көптеген халықтардың өкілдері үшін ортақ Отанға деген қатынасы туралы айтылады.

Мемлекеттік идеология саяси өмірге тұжырымдамалы түрде ресімделген идеялар, ұсынымдар мен көзқарастар жүйесі ретінде мемлекет пен қоғамның мүдделерін, дүниетанымы мен мұраттарын көрсетеді, елдің дамуында шешуші рөл атқарады. Бұл мемлекетке оның құрылысының әр кезеңінде қажет, өйткені мемлекеттік идеология қоғамды интеграциялаудың, тұлғаны әлеуметтендірудің және әлемдік қауымдастықтағы мемлекеттің өзін-өзі тануының үлкен әлеуетін қамтиды.

Әрбір азамат өзін-өзі танудың арқасында қоғамға қажет мемлекеттік идеологияны жүзеге асыруға ықпал ете алады. Бірақ, өскелең ұрпақтың да, Қазақстан Республикасы азаматтарының да мемлекеттік сана-сезімін қалыптастыру проблемасы бар екенін атап өту қажет. Сонымен қатар, мемлекеттік сана, ең алдымен, ұлт пен халықтың тарихи санасының негізінде қалыптасатыны бәріне белгілі. Шынында да, жоғары патриотизм өз Отанына жақсылық жасауға деген шексіз ықыласпен жасалады. Жас ұрпақтың бойында Отанына, халқына деген сүйіспеншілік басқа халықтарға деген терең құрмет сезімімен бірігуге тиіс.

Біздің көпұлтты мемлекетімізде ұлттық және азаматтық-патриоттық тәрбие ұлтты ажыратпайды және оқшауландырмайды, керісінше оларды жақындастырады. Дамыған патриоттық сана ел аумағында тұратын барлық халықтарды біртұтас отбасы ретінде түсінуді көздейді, оның әрбір мүшесі өзінше бірегей, қазақстандық патриотизмде азаматтық сезімі кіші Отан, туған республика сезімімен ұштасады.

Біздің Елтаңбамыз - ол өте символикалық және қазақ халқының тарихымен байланысты. Онда шаңырақ бейнеленген. Шаңырақ-кез келген қазақ үшін қасиетті ұғым. Біріншіден, бұл күнді білдіреді. Екіншіден-отбасыны, бірлікті біл-

діреді. Қазақстанда бір шаңырақ астында, бір отбасы ретінде 130 этнос өмір сүреді. Шаңырақтың екі жағында жылқының басы бейнеленген. Жылқы да даланың өмірінде көп нәрсені білдіреді - онымен кез-келген мақсатқа жетуге болады, біздің ата-бабаларымыз оған мініп, жаулармен соғысқан. Жылқы-бұл даладағы ең әдемі жануар. Біздің Елтаңба жұлдыз. Әр адамның жетекші жұлдызы бар, ал елтаңбадағы жұлдыз - біздің республикамыздың жетекші жұлдызы.

Туға келетін болсақ, көк түс - аспанның түсі екенін бәрі біледі. Ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Қыран - бостандықтың, тәуелсіздіктің символы.

Біздің мемлекеттік рәміздеріміз түрлі халықаралық іс-шараларда қазақстандықтарда өз елі үшін мақтаныш сезімін тудырады. Мысалы, біздің спортшылар жарыстарда жеңіске жетіп, жалауымыз көтерілгенде, Әнұранымыз орындалады. Екінші жағынан, біздің спортшыларымыздың, әртістеріміздің және шетелде жүрген басқа да қазақстандықтардың жетістіктерінің арқасында біздің мемлекеттік рәміздеріміз бүкіл әлемге танымал болып, елімізге қызығушылық тудырады.

Патриоттық тәрбие - бұл әртүрлі және көп деңгейлі процесс. Ол патриот пен өз Отанына адал, өзінің азаматтық және конституциялық борышын орындауға дайын Қазақстан азаматын қалыптастыру бойынша мақсатты және үйлестірілген қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды, саяси партиялар мен қозғалыстарды, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерді қамтиды.

Республикада қалыптасқан көп этностық бірлік адамға қажетті үшінші мыңжылдықты тәрбиелеу үшін және тағаттылық, жалпыадамзаттық және этникалық құндылықтарды қабылдау, кіші және үлкен Отанға деген сүйіспеншілік, тәуелсіз жауапты таңдау қабілеті және т. б. сияқты патриотизмнің қазіргі заманғы түсінігін айқындаушы негіз болып табылатындығын атап өтеміз.

Утепов Н.М., Жунисбекова Д.А.
«Техникалық мамандықтарға үшін жоғары математика және физика» кафедрасының доценттері

Бақыт деген қысқа ғана сөзімізде терең мағына жатыр. Жер жүзінде қанша халық болса, бақыт жайлы соншама анықтама бар. Әрбір адамға бақыт бірдей беріледі. Тек соны дұрыс пайдалану әр адамның өз қолында.

БАҚЫТСЫЗДЫҚТАН БАҚЫТТЫ ІЗДЕП ТАБЫҢЫЗ

Алла елшісі Мұхаммед (с.а.у.): «Бір адамның мұқтажына болысып уақыт өткізу – мен үшін мына мешітте бір ай оңашаланып құлшылық еткенімнен де абзал», - деген екен. Демек, адамның өмірге келгендегі міндеті - басқалардан пайда көру емес, керісінше айналасына қызмет етіп, мағыналы өмір сүру. Осыны толық түсінгенде ғана, адамның жаны тыныштық тауып, шынайы бақытқа қол жеткізеді.

Айтыскер ақын, жырау Майлықожа Сұлтанқожаұлы:

Бақ қонады ұл таңдап,

Қонақ қонар үй таңдап, -

дейді. Міне, ең әуелі өзімізді дұрыстауымыз керек. Тәкаппарлық, күншілдік, пасықтық, дүниеге тоймастық, бұлардың бәрі біздің бақыт кемесінде емін-еркін жүзуімізге бөгет болады.

Ең алғашқы байлық - денсаулық. Егер Сіз аурушаң болсаңыз, мына өмір мүлде қызық болмай, ешкімнің сөзі ұнамауы әбден мүмкін. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Адамның денесі екі нәрсенің күшімен саламат болады. Біріншісі - қызыл қан, екіншісі - бұзылған қара қан. Ішке қарай кірген дем - қызыл қан, далаға шыққан дем - қара қан.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы көптомдық шығармаларының 11- томында денсаулыққа байланысты мынадай алты маңызды факторларды атап өтеді:

Адамға жақсы ауа керек.

Жақсы тамақ керек. Қазақ мақалында «Ауру астан, дау - қарындастан» деп айтылады.

Тәннің саулығы үшін қимыл-қозғалыс керек. Ұйқы мен ояулықты қалыбынан асырмай, кемітпей, орта әдетпен үйрету керек.

Шаттық қажет. Адам өз көңілін өзі төмендетпеуі керек. Қазақ халқында: «Ит құйрығын өзі алып жүрмесе, оны кім алып жүреді?» деген мақал бар.

Ашу, қорқу, өкініш сияқты сезімдерден аулақ болу керек. Бұл айтылғандардың бірде-бірі адамда жоқ болса, ол ауруға шалдығады. Не қалпынан асып кетсе, онда да жаман болады. Аса қорыққаннан, аса қуанғаннан, қатты ашуланғаннан бақилық болып кеткендер де бар екен. Өміріңізде күткен шаруаңыз орындалмай қалса да күйзеліске түсудің қажеті жоқ. Себебі Сізге ол қайырсыз деген сөз.

Бақытты бағалайық! Қанша мүгедек жандар да өмірмен күресіп, алға қарай ұмтылуда. Ал біз төрт мүшеміз түгел болса да ұялмай: «Маңдайымның сорын-ай, уа Аллам!» деп налып жүреміз. Мына денсаулықтың өзі де бізге берілген аманат. Оны уайым-қайғы, ретке келмеген режимдермен, уақтылы алмаған ем-доммен құртып алуға құқығымыз жоқ.

Өзіңізді жалғыз сезініп, түсінсетін ешкім қалмағанда жаныңызға жалау болатын - Отбасыңыз!

Айтыскер ақын, жырау Мұрат Мөңкеұлы:

Бесіктегі баланың кулгені бір бақыт,

Алдына түсіп ананың көргені бір бақыт, - деп мәдениетіміздің бастауы болатын отбасылық құндылықтарды дәріптейді. Әр қыздың бақыты - ұзатылу тойы. Сүйген жарын кездестіріп, сол жанмен мәңгі бірге болу. Тәп-тәтті перзентер сыйлап, сол балаларына үлгілі тәрбие беріп, Отанына адал қызмет ететін азамат етіп шығару. Асыл әже, аяулы ана болу! Барлық қиыншылықтарды махаббатпен бірге күрессеңіз, Сіз үлкен бақыттың құшағына бөленуіңіз ғажап емес.

Бақытты бағалайық! Өмірдің жіберілген сынақтарында досыңды танып, дұшпаныңды айырасың. Сол сынақтардың арқасында адам шыңдала бастайды. Неге жыладымы?! Неге құладымы?! Не үшін олай болды?! - деп босқа қайғыруға болмайды. Болған жағдаяттардың қайыры бар. Еңсені тік ұстап, үлкен үмітпен алға қарай жүріңіз. Әр қиындықтың артынан Сізді қуанышқа толы бақытты сәттер күтеді. Демек, бақытсыздықтан бақытты іздеп табу керек.

Н.Ахметбеков: «Бақыт - арман, дүние - қонақ», - дейді.

Әр уақыт жүзімізден мейірім шуағы төгіліп тұрғанда ғана жан дүниемізді байыта түсеміз.

Қазақ халқы бақыт деген ұғымға бәрін сыйғызады. Денсаулық та, байлық та, табыс та, махаббат та, шапағат та, қуаныш та, шаттық та - бәрі-бәрі бақыт сияқты. Той жасаса да, үй немесе мәшине алса да өздерін бақытылардың қатарына қосады. Сол себепті де «Бақытты болыңдар!» деген ізгі тілектің мән-мағынасы өте үлкен деп есептейміз.

Атақты ойшылдардың да бақыт жайлы ой-пікірі әр алуан болып келеді. Көне грек данышпандарынан қалған мынадай сөз бар.

Клеобул: «Бақытты шақта шектен шықпа, бақытсыздықта саналы бол».

Эзоп: «Шын дос бақытсыздықта танылады».

Эсхил: «Бақытты адамның бақытсызға ақыл айтуы оңай».

Демокрит: «Бақыт күтіп тұрғанда дос табу оңай, ал бақытсыздықта - өте қиын».

Бион: «Бақытсыздықты көтере алмау - үлкен бақытсыздық. Бақытсыздыққа төзе алмау -- бақытсыздықтың көкесі».

Ежелгі Үрім философтарының айтқан нақылдары да көңілге қонымды.

Гай Крисп Саллюстий: «Әркім - өз бақытының ұстасы».

Луций Анней Сенека: «Бақытқа тәуелді адамды бақытты деме».

Боэций: «Тағдыр қилы-қилы болса да өткен шақта бақытты болу - үлкен бақытсыздық».

Тағы да айта кетер басты қағида ол - кешірімді болу. Айналамыздағы жандардың қарым-қатынасы біз ойлағандай болмаса оған көңіліміз қалып ренжіп жатамыз. Бізді қоршаған адамдарға періште емес, пенде ретінде қарап үйренген жөн болар. Жақсы қасиеттерімен қоса қателігі, артықшылығы мен ағаттығы бірге жүретін ет пен сүйектен жаратылған кәдімгі адам екенін ұмытпайық. Сол кезде кешірімді болуға, түсінісуге әрекет жасайсың. Себебі сен өзің де жай ғана пендесің. Адам жүректен ренішті алып тастағанда ғана жүктен арылған адамдай жеңіл болады. Ондай адамға ауру да, бәлекет те жоламайды. Өміріңді ашу, ыза, жек көрініш, өкпе сезімдерімен өткізсең, бақыттың иісін де сезбейсің. Себебі өзің бақыттыңды бағалай алмайтын, шүкіршілігі жоқ, эгоистігі басым жан ғана болып қала бересің.

Өмірде қандай да бір жетістікке жету жолында көпшілік жіберетін қателік ол - асығыстық. Нәтижеге сабырсыздық таныту, қиыншылықтан жалтару, кездескен кедергіге табандылық таныта алмау - жеңімпаздың сипаты емес. Әрбір жұмыстың өзіне тән қиыншылығы, ұңғыл-шұңғылы, қалтарыс-бұлтарысы болады. Соның бәрін меңгеріп болғанша талай қиыншылықты бастан кешіресің. Уақыт өте келе бәрі жеңілдейді. Тіпті, қиыншылықтың ләззаты болады. Ал сондай сәтте сабырсыздық танытып, қол сілтесек алға қойылған мақсаттың алғашқы баспалдағынан да өте алмаймыз. Бәрі де өз сәтімен біртіндеп келеді. « Уақыт өтті, кеш қалдым»- деменіз. Әлемде 8 миллиардқа жуық адам болса, олардың бәрі бір-біріне ұқсамайды. Олардың қабілет, мүмкіндіктері, қызығушылығы сан алуан. Мейлі қай жаста болсаңыз да өміріңізді бұрынғыдан да мәнді де мазмұнды етуге әрекет жасаңыз. Өміріңізді ешқашан біреулермен салыстырмаңыз. Әркімнің өз жолы, өз уақыты және өз мөлшері болады. Оның орнына ойыңызды өзіңізге ұнайтын шаруамен, күшті мотивация беретін нәрселерге бұрыңыз.

Әрқашан еркін болыңыз! Еркін ойлаңыз! Кішігірім нығметтің өзін бағалайық. Дүние істерінде өзіңнен жағдайы төмендерге қарап, шүкіршілік ету керек. Әр адам өз өмірінде сан түрлі сынақтарға кез болады. Сол берілген қиыншылықтар ешқашан мәңгі қалмайтынын ұғынған жөн болар. Әрбір қиындықтың артында жеңілдік бар. Әр болған істің қайыры бар. Бақытты болу - өз қолымызда. Қолыңды бір сілтеп, кері шегінбе! Табандылық таныт! Әрекетте бол! Қыран құс бір күнде биікте қалықтап ұшқан жоқ. Өзіңізді әрқашан қорғаңыз! Қорыта айтқанда, барлық адам бақытты болуға лайықты!

Қарлығаш ҮСЕНҚҰЛОВА,
Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті Ақпараттық білім беру орталығының кітапханашысы, ОҚУ колледжінің оқытушысы.



Воспоминания студента КазХТИ

Почти 50 лет назад, в 1974 году, я впервые переступил порог Казахского химико-технологического института. Вообще-то, я собирался поступать на инженерно-строительный факультет, но получилось так, что я стал студентом механического факультета (но это отдельная история).

Итак, я – студент КазХТИ, специальность «Механическое оборудование предприятий строительных материалов, изделий и конструкций» (МОПСМИИК). Ректор КазХТИ – Султан Таширбаевич Сулейменов. Декан общинженерного факультета (тогда весь 1-ый и 2-ой курс независимо от специальности относился к общинженерному факультету) – Галимулла Батырханович Сайденов.

Самые первые впечатления от первого курса – поездка на хлопок и первый бригадир – Суханбердиев Ашим Курманалиевич – преподаватель немецкого языка. В нашей группе 34-14 было 23 парня и 2 девушки; и нас объединили в одну бригаду с группой 21-14 (специальность «Химическая технология неорганических веществ» - ХТНВ), где было наоборот – двое парней и 23 девушки. Собирали хлопок в отделении имени Димитрова совхоза «Келесский».

Надо сказать, что учеба далась мне легко, больших трудностей не испытывал. На первой сессии получил «автомат» (автоматически оценку «отлично» за хорошую работу в течении семестра) по Начертательной геометрии (поставил Киргизбаев Ишпулат Парпиевич). На первых курсах больше всего запомнились занятия, которые проводили Жумабеков Лесбек Жумабекович (высшая математика), Игнатович Наталья Сергеевна (черчение), Кульбаева Бикамаш Кульбаевна (история КПСС), Раков Владимир Петрович (технология конструкционных материалов), Лысенко Николай Иванович (сопротивление материалов). Кстати, сейчас, когда я провожу свои занятия, опирающиеся на знания сопротивления материалов, я напоминаю студентам, что Сопромат состоит из двух формул (как говорил Николай Иванович «Пы на Фы и Мы на Вы – P/F и M/W).

В сентябре 1975 года мне сказали, что меня приглашают в комитет комсомола. Когда я пришел туда, меня встретила Бачилова Надежда Васильевна – заместитель секретаря комитета комсомола. Она предложила мне поработать в комитете комсомола. Я согласился и вскоре на институтской конференции был избран членом комитета комсомола КазХТИ. Секретарем комитета комсомола был Турисбеков Заутбек Каусбекович. Он и Надя Бачилова хорошо дополняли друг друга и у нас был



очень дружный и сплоченный коллектив. Мы учились в две смены, занятия заканчивались в семь вечера и на 19-10 назначались заседания комитета комсомола, которые заканчивались около десяти часов ночи. Хотя было поздно после некоторых заседаний многие не торопились домой; не хотелось расставаться с товарищами. На счету комитета комсомола было много славных дел: организация соревнования между факультетами и группами, организация субботников, проведение различных мероприятий воспитательного характера, проведение конкурсов художественной самодеятельности, организации поездок на концерты в город Ташкент и т.д.

Благодаря своей отличной учебе (несмотря на занятия общественной работой я старался не пропускать занятия) и поддержке коми-

тета комсомола я смог добиться многого. На 3-ем курсе стал Ленинским стипендиатом, в 1977 году удостоился чести сфотографироваться в Гербовом зале Кремля как победитель социалистического соревнования 1976 года.

С большой теплотой вспоминаю преподавателей, обучавших нас на старших курсах. Деканов механического факультета (с 3-го по 5-ый курс я был уже студентом мехфака) – Ускенбаева Сарыбая Ускенбаевича и Ескендинова Шарипа Захановича. Преподавателей кафедры МОПСМИИК – Порошина Вячеслава Владимировича, Давыдова Павла Витальевича, Туляева Юрия Курбановича. Преподавателей других кафедр – Сугурова Шамшиддина Байбазаровича (гидравлика), Приходько Ирину Исламовну (вычислительная математика), Бекмуратова Ису

1977 год. Конференция комсомольской организации КазХТИ.

Знамя комсомольской организации вносит в актовом зале Серикбаев Болатжан – Ленинский стипендиат, студент гр.34-14.

Бекмуратовича (теория машин и механизмов и детали машин), Надьшева Станислава Ивановича (теплотехника). В том, что я получил диплом с отличием большая заслуга вышеупомянутых, да и всех преподавателей, у которых я обучался.

В эти дни, когда наш вуз отмечает свой 80-летний юбилей хочу пожелать коллективу ЮКУ им. М.А. уэзова больших успехов в подготовке высококвалифицированных кадров для народного хозяйства Республики. Чтобы все выпускники нашего университета с теплотой и благодарностью вспоминали свою альма-матер.

Серикбаев Болатжан Ермаханович,
доцент кафедры Механика и машиностроение,
выпускник КазХТИ 1979 года

Білім алушы жастардың математикалық қабілетін дамыту

Қоғамның ой-санасының өсуі, жаңа сапалық деңгейге шарықтау кезеңі, еліміздің егемендік алып, әлемнің өркениетті елдерінің қатарына қосылуы жаңа заман жастарынан жаңашылдықты, ізденімпаздықты талап етеді. Бұл орайда математика пәні басты мәнге ие. Қазіргі кезеңдегі орта кәсіптік оқу-орын математикасында әлі шешімдері табылмаған мәселелер аз емес. Солардың бірі – білім алушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, кітапқа, оқуға, білім алуға деген құштарлықтарын арттыру.

Білім алушылардың жеке ойлау қабілетін дамыту үшін олардың өзіндік күш-қуаты мен сенімін арттырып, қолынан келетін көп істердің мүмкіндіктеріне бағыт берген абзал. Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады.

Математика мектеп курсының негізгі пәндерінің бірі бола отырып, үлкен техникалық прогреске байланысты ерекше мәнге ие болды.

Математикалық әдістер және математикалық ойлау стилі адамның барлық өміріне енеді. Егер бұрын ерекше дарынды балаларды іріктеу туралы сөз қозғалса, онда кең математикалану салдарынан бұқаралық мектепте математикалық қабілеттерді диагностикалау қажеттілігі пайда болды.

Математика бойынша тереңдетіп оқытатын топтар арасында білім алушылар үшін құрылатынын, ал дарынды балаларды дамыту бойынша жұмыс осындай балаларды «жоғалту» қаупі бар 1-2 курста басталуы тиіс. Осы жерден математикаға жоғары қабілеттілікті көрсететін білім алушы жастарды дер кезінде анықтау туралы сұрақ туындайды.

Қабілет мәселелерін зерттеуге белгілі психологтар Б. Г. Ананьев, С. Л. Рубинштейн, Н. Ф. Талызина, Б. М. Теплов, В. Я. Шадриков және т.б. елеулі үлес қосты.

Психологтардың көпшілігі белгілі бір қызметті тез және жеңіл меңгеруге, үлкен табысқа жетуге мүмкіндік беретін жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктері деп санайды.

Әрбір оқушы математикаға сауатты болуы үшін төмендегі мақсаттарды жүзеге асыру тиіс:

1. Математика іс-әрекет сипатына сай логикалық ойлауды қалыптастыру;
2. Математикалық білімді игеру мақсатында тәжірибеде қолдану;
3. Болмысты, табиғат пен қоғамды тануға қажет математикалық мазмұнда ойлап, сөйлей алуы қажет;
4. Қойылған сұраққа немесе есептің жауабына дәл (жылдам, сенімді және дұрыс) жауап беруге дағдылану, ұмтылу;
5. Қоғамдық өмір практикасында қажетті математикалық ойлауды қалыптастыру.

Солардың бірі – білім алушы жастардың шығармашылық іс-әрекетке бейімдеу мақсатын көздейтін, «Атамұра» баспасы бойынша оқулықта жасыл түсті қоршауға, ал



«Алматы кітап» баспасы бойынша әр сабақта қалыптан тыс және қызықты жаттығулар, шығармашылық деңгейге арналған логикалық есептер, тапсырмалар беріледі. Ол жаттығулар негізінен балалардың логикалық ойлау қабілетін, ақыл-ойын дамытуды көздейді. Ондай жаттығуларды орындау барысында білім алушы жастар мазмұнға сәйкес объектілерді бақылайды, байқайды, салыстырады; сондай-ақ әр алуан ақыл-ой іс-әрекеттерін орындайды, практикалық жұмыстар жүргізеді, зерделілік білдіреді, ізденеді, болжам айтады және оны негіздеп беруге немесе дәлелдеуге талпынады, математикаға деген қызығушылығын, ынта-ықыласын тудырады.

Шығармашылық жұмыстар математикалық біліммен қатар күнделікті өмірде кездесетін әртүрлі жағдайға байланысты болғаны дұрыс. Сондықтан есептерді оқушылардың байқағыштығын, ойлауын, қиялын дамытуға негіздеймін. Баланың ойлау қабілетін оқу мен жазу арқылы дамыту барысында олардың логикалық есептер, кестелер, суреттер, ребустар, сөзжұмбақтар, анаграммалар, оқулық-дәптермен жұмыс істеу іскерліктері де артады. Нәтижесінде оқушылардың өзін-өзі бақылау, бағалау, сөйлеу, тыңдау қабілеттері жетіледі. Білім алушы жастардың математика сабағында шығармашылық қабілеттерін дамытудың стратегиялары өте көп. Ол іс-әрекеттер білім алушы жастарды еркін ойлауға, ақыл-ойын дамытуға, шығармашылық белсенділігін арттыруға талпындырып, ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелеуге, басқаларды тыңдай білуге, қарым-қатынас жасауға, ел алдында өз ойын еркін айтуға мүмкіндік береді. Шығармашылық ізденіс, талдау және т.б. есептерді шығару, талдау жұмыстары жеке – жұппен – топпен атқарылады. Бұл кезеңнің білім алушы жастарға қо-

тор болып табылады.

Бүгінгі күні мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы әр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Мектеп құрылымында болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі, көпнұсқалық оқытуға көшу сияқты мәселелер орындаушылардан шығармашылық бастамалық, жұмыстың жоғары сапасын және кәсібилікті талап етеді.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес жаратушы да. Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептерден өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады. Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек.

Мен өзімнің шығармашылық жұмысымды қорытындылай келе, оқытушы – білім алушы жастардың жеке тұлғалық және зияткерлік дамуын жобалаушы екендігін айтқым келеді. Бұл оқытушымен ақпараттық құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, білім алушы жастарды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеуді, олардың ізденімпаздық дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамыту бағыттарын талап етеді.

Лаура МАМУТОВА,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан Университеті колледжінің оқытушысы

ОРНЫ БӨЛЕК ДАЙЫНДЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



Казіргі таңда жоғары оқу орнына дейінгі дайындық орталығының тізгінін өз қолыма алып, шетелден келген қандастарымыз бен жергілікті тыңдаушылардың және шетелдіктердің 9 ай бойы жүйелі білім алып, жоғары нәтиже жаратуына ұжым болып барынша еңбектеніп келеміз.

Ал, 2018 жылдың тамызынан бастап болашағы жарқын білім ұясындағы шетелдік студенттер университеттің халықаралық қатынастар бөлімінің қарамағына беріліп, дайындық бөлімі жоғары оқу орнына дейінгі дербес орталық болып қайта құрылды.

Бүгінде орталық мына шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдері мен ҚР азаматтарына арналған дайындық курстары; шетел азаматтарына арналған ақылы негіздегі тілдік курстар; облыс пен Шымкент қаласындағы орта мектеп түлектеріне арналған дайындық курстары бойынша жұмыс жүргізуде.

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық орталығы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы, «Отандастар» қоры мен алыс және жақын шет елдердегі қазақ мәдени орталықтарымен, оралмандарды бейімдеу орталықтары, ішкі істер басқармасының көші-қон бөлімімен тығыз байланыс орнатып, кәсіби бағдар беру жұ-

мыстарын жемісті жүргізіп келеді. Негізінен шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерін ҰБТ-ға дайындап, атамекеннен жырақта өскен өскелең ұрпақтың студент атануына септесетін орталықта бүгінде Foundation бағдарламасы арқылы тыңдаушыларды интенсивті академиялық, ғылыми және тілдік тұрғыда дайындау жоспарлы түрде жүзеге асырылуда.

2002 жылы 14 қазанда М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дың ғылыми кеңесінің шешімімен тыңдаушыларды жоғары оқу орындарына түсуге даярлайтын орталық ретінде ашылды. Ал, орталық 2004 жылы Шетел студенттерімен жұмыс жүргізу жөніндегі факультет ретінде қайта құрылған.

Шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерін қазақ және орыс тілдерінде ҰБТ-ға жүйелі түрде білім беру арқылы олардың Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарының грантын иеленуіне қолдау көрсетіп келеміз.

Жүйелі білім беру арқылы талапкерлердің білім деңгейін барынша жоғарылатып, міндетті және бейіндік пәндерді мейлінше тереңдетіп оқытады.

Тыңдаушылар оқу үдерісінен бөлек, университет көлемінде ұйымдастырылатын түрлі мәдени-рухани іс-шараларға, спорттық спартакиадаларға, конференциялар мен семинарларға белсене қатысады.

Орталықта білім алатын тыңдаушылардың саны да жыл санап артып келеді. Мәселен, 2020-2021 оқу жылында – 124, 2021-2022 оқу жылында – 117, 2022-2023 оқу жылында – 147 тыңдаушы қабылданса, 2022 жылы дайындық



орталығында АҚШ-тан келген 7 америкалық, Германиядан - 1 неміс, Нидерландыдан - 1 голландиялық тыңдаушы қазақ тілі және Қазақстан тарихы пәндерінен дәріс алды.

Шетелдіктердің дайындық орталығында білім алуға құлшынысы зор. Олар түрлі мәдени іс-шараларға да белсене атсалысуда. Мәселен, Оңтүстіктің адуынды айтыскер ақыны Маржан Есжанова 50 жылдық мерейтойына орай, Шымкент қалалық орталықтандырылған көпшілік кітапханалар жүйесіне қарасты «Абай» кітапханасында «Жақсыларды жыр еттім...» атты кездесу кеші өтті. Онда Америкадан келген шетелдік тыңдаушылардың ішіндегі екі жігіттің қазақ тілінде гитарамен «Дударай» әнін шырқағаны жұрт көңілін тебіртті. Маржан Есжанова кеш соңында оларға өзінің жыр

кітабын сыйға ұсынса, «Абай» кітапханасы ұжымы атынан кітапхана директоры Нұрила Жұманова марапаттар табыс етті.

Сонымен қатар, шетелдіктерге Қазақстанның киелі жерлерін көрсету мақсатында шетелдік тыңдаушыларымыз Қожа Ахмет Яссауи және Арыстан баб кесенелеріне саяхаттады.

Ал таяуда дайындық орталығының тыңдаушыры Түркістан облыстық тарихи-өлкетану музейімен танысып қайтты. Тыңдаушылар ондағы өткен ғасырлардың көзі болған құнды жәдігерлерді көріп, таң-тамаша болысты. Әсіресе, Жапония елінен келіп, қазақ тілін үйреніп жүрген Ихира Кадзуя музейдегі тарихтан сыр шертетін алуан түрлі заттарды көріп, қазақ елінің тұрмыс-салты мен мәдениеті жайындағы таңданысы мен ойларын әңгімелеп берді.

Орталықта тыңдаушылардың білімін бақылады ұйымдастыру жұмысы жүйелі түрде қолға алынған. Кешенді тест нәтижесі бойынша жалпы үлгерімі 90.7%-ды құрады. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда бұл көрсеткіш өте жоғары.

Осындай үздіксіз жұмыс жүргізу барысында біздің университет қазақ диаспорасы өкілдерін дайындайтын ЖОО-лар арасында алдыңғы лектен көрініп жүр.

Дайындық орталығында тәжірибе алмасу мақсатында шет елдердегі жоғары оқу орындарының білікті мамандарымен кездесу ұйымдастыру да жақсы жолға қойылған. 2022 жылдың қараша айында Түркия мемлекетінің Күтахья университетінен т.ғ.к., профессор Вежихи Сефа Фуад Хекимұлы дайындық орталығына келіп, Қазақстан мен Түркия арасындағы қарым-қатынастар туралы тыңдаушыларға дәріс оқыды.

Орталықтың тәрбие жұмыстарын жүргізуде өзіндік ерекшеліктері де бар. Орталықтың рухани-мәдени тынысы әлеуметтік желілерге де жүктеліп, бұқаралық ақпарат құралдарында, орталық сайтында жарияланады.



Жалпы шетелдегі қандастар болашағы жарқын білім ордасында білім алуға ынталы десек, артық айтқандық емес.

Орталықта білімін ұштап, мемлекеттік грант иегері атанып, еліміздегі түрлі жоғары оқу орындарына түскен тыңдаушыларымыздың дені өз тарихи Отанында қалып, тәуелсіз мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне сүбелі үлесін қосып келеді.

Рахымбек КАМАЛДИНОВ,

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық орталығының басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.



Мемлекеттің ең қымбат қазынасы - адам

Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – ол адам. Адамның ең негізгі құқығы – ол оның өмір сүру құқығы. Адамның жеке өміріне, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне, ар-намысына ешкімнің қол сұғуға құқығы жоқ. Ол заңмен қорғалады, мемлекеттік органдарға, арнайы құқықтар мен бостандықтарды қорғайтын органдарға, арнайы институттарға тіпті, қажет жағдайда ҚР Президентіне жүгінуге құқылымыз. Заңмен көзделген жағдайлардан басқа, ешбір мемлекеттік орган, ешбір лауазымды тұлға адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектей алмайды. Адамның ең маңызды әрі ең басты табиғи құқығы – ол оның өмірі. Адамның өміріне қауіп төндірген, төндіретін әрекеттер заңмен қудаланады. Адамды азаптауға, кемсітуге, зорлық-зомбылық көрсетуге, сөзбен не іспен қорлауға, қатігездік көрсетуге, күш көрсетуге жол берілмейді. Бұл – тек ұлттық заңнаманың ғана берік қағидалары емес, бұл – халықаралық құжаттардың да мызғымас әрі елеулі, ойып орын аларлық адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың іргетасы.

Адамның ар-намыс бостандығы – бұл адам бостандығының ішіндегі ең негізгілерінің бірі. Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет болып саналғандықтан, әр адам өз қалауынша қай дінге сенетіндігін, қандай діни көзқарастар ұстанып, қандай ғұрыптар сақтайтындығын өзі шешеді. Дегенмен, бұл конституциялық құрылыспен қоғамдық тәртіпке залал келтірмеуі тиіс. Діни көзқарастары үшін халық арасында алауыздық, жауыздық тудырған іс-әрекеттер жазаланады. Кез-келген діннің өкілдері Конституциямен тең болып табылады, дінге сенушілер не сенбеушілер деп алаңбайды. Мемлекет органдары мен лауазымды тұлғалар діни бірлестіктердің қызметіне араласа алмайды.

Атазаңымызда бекітілген саяси құқықтар мен бостандықтарды атайтын болсақ, оларға аудандық, қалалық, облыстық мәслихаттарда Республика Парламентіне дейінгі деңгейде өкілетті органдарды сайлау құқығы, Республика азаматының саяси құқығына бейбіт жиналыстар, демонстрациялар, митингілер, шерулер жүргізу, тосқауылдарға тұру құқығы, қоғамдық бірлестіктер (діни бірлестікті қоспағанда) құру құқығы, мемлекеттің қызметке кіру құқығы, мемлекеттік органдармен еркін қарым-қатынас жасау құқығы және т.б. жатады. Адам құқығы жеке тұлғаларды тиімді қорғау үшін құқықтық тұрғыдан институттандыруды қажет етеді.

Сол себепті, адам құқықтарын қорғаудың тиімділігі ұлттық және халықаралық деңгейде үлкен алаңдаушылық тудырады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 13-бабында көзделгендей: «Әркімнің өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда,

Адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау ең бірінші Қазақстан Республикасының Президентінен бастау алады. Президент – Ата Заңымызда көрсетілгендей, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі делінген. Президент бастамасымен оның жарлықтары арқылы еліміздегі адам және азамат құқықтарын қорғау жүзеге асады. Сонымен қатар, Парламент те адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру мен қорғауға кепілдік беретін маңызды мемлекеттік институт болса, сот, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ықпал ететін органдар болып саналады.



заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға құқылы». Адам құқықтарын қорғау бойынша Ұлттық институттардың үш түрі бар – адам құқықтары бойынша комиссиялар, арнайы институттар және омбудсмен.

Жалпы, мемлекеттік органдардың өкілеттіктері кеңейген сайын, азаматтарды мемлекеттің өктемдігінен қорғайтын механизмдердің күшейе түсуі керектігі заңдылық. Қазақстанда адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің қызмет етуі адам оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары қымбат қазына деп танылатын демократиялық, құқықтық мемлекетті құру жолындағы еліміздің әлімдік стандартқа лайық болуға ұмтылғандығының дәлелді көрінісі. Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі ретінде Қазақстан Республикасының Президенті танылады. Ол адам құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын, мүдделері мен міндеттерінің атқарылуын қамтамасыз ететін ең маңызды институт болып табылады. Ол заң жобаларына бастамашылық қызметінен, Президенттің тиісті Жарлығымен бекітілген мемлекеттік қызмет қағидаларынан, Президенттің адам мен азаматтың саяси, экономикалық, мәдени, әлеуметтік, азаматтық және жеке құқықтары мен бостандықтарын іске асыруды көздейтін жеке құқықтық актілерінен көрініс табады.


Үкімет арқылы Президент бастамашы болған заңдарға мысал ретінде «Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау туралы Заң», «Қазақстан Республикасының шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы Заң» және т.б. жатқызуға болады. Мемлекеттік органдардың адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауда ұстанатын басты қағидаларына адам құқықтары мен бостандықтарының және олардың заңды мүдделерінің басымдығы қағидасы, мемлекеттік қызметке орналасудағы теңдік қағидасы, және қоғамдық пікірді ескеру қағидасы жатады. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының азаматтығын белгілейді, саяси баспана беру, аса ауыр қылмыспен сотталған адамдарға кешірім жасау мәселелерін қарастырып, шешеді.

Өскең жас ұрпақтың ғылымның қай саласы болса да, бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеуіміз қажет. Соның ішінде құқықтық сауаттылықты арттыруға аса мән беріп, тиісті шаруалар атқарылуы керек. Әрине, бұл мәселелер бір немесе екі күннің ішінде бола салатын дүние емес. Үлкен ыждаһаттылықпен қатар, сабырлықты талап ететін берекелі іс екендігі анық. Осындай күйбең тіршілікте заңды білу – заман талабы екендігін жадымыздан шығармауымыз тиіс деп ойлаймын.

С.Бекова, М.Әуезов атындағы ОҚУ колледжі, құқықтану пәні оқытушысы

Мұнайлы өлке - елдің мұраты

Ата-бабамыз қасық қаны қалғанша қорғап, бізге мирас еткен қазақ жерінің қойнауындағы «қара алтынды» қаншалықты тиімді жұмсап жүргенімізге қатысты көптеген сауалдар жиі-жиі қойылады. Осы асыл қазынаға толы сандықтың үстінде өзіміз отырғанымызбен, оның кілтінің шетелдіктер қолында жүргені, маңдайын күн қақтаған мұнайшы ерлеріміздің Отан ауқатын молайтуға қосып жатқан үлесі мен ерең еңбегі жатжұрттық мамандарға қарағанда, кем бағаланатыны ашық айтылады.



Қазақстанда сарапшылар «әлемдік супергигант» деп атайтын 3 аса ірі мұнай кен орны орналасқан. Энергетика министрлігінің дерегіне жүгінсек, олардағы өз еншіміз аздау көрінеді. Мысалға, соның бірі «Теңізді» америкалық инвесторлар («Теңізшевройл») бірлесе игеруде. Мұндағы шетелдік инвестордың үлесі - 80%. «Болашақта Теңізді кеңейту жобасына» сәйкес, 2023 жылға қарай 38 млрд доллар инвестиция құйылады деген болжам бар. «Қарашығанақ» кен орны болса, «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниялар консорциумына тиесілі. Ондағы шетелдік инвесторлардың үлесі - 90%. Болашақта игеру жоспарында 2020 жылға қарай 1,5 млрд доллар инвестиция салу көзделуде. Бертінде ғана қолға алынған «Қашағанның» мұнайын коммерциялық өндіру тек 2016 жылғы қарашада басталды. Оны North Caspian Operating Company халықаралық бірлескен компаниясы игеруде. Осы «Солтүстік Каспий жобасындағы» шетелдік инвесторлардың үлесі - 83%.

–Мұнай-газ кешені - капиталды көп қажет ететін, барлау мен өндіруде, сол сияқты қайта өңдеуде айтарлықтай инвестиция шығындауды талап ететін сала. Мұнай-газ жобаларының ұзақ іске асыру, өзін-өзі өтеу мерзімінің созылып кетуі және жоғары тәуекел деңгейі секілді сын-қатерлері бар. Осыған байланысты жобаларды қаржыландырудың неғұрлым пайдалы көздерін анықтау және оларды ұтымды үйлестіру маңызды. Бұл сала жобаларын іске қосу басталғанда, Қазақстанның инфрақұрылымы дамымаған күйде болды, ол жобаларды төл қаражаты есебінен қаржыландыруға мемлекеттің мүмкіндігі болмады. Отандық компанияларының сыртқы нарықта қарыз ала алмауына байланысты мұнай-газ жобаларын қаржыландырудың жалғыз әрі ықтимал тәсілі ретінде шетелдік тікелей инвестициялар таңдалды, - дейді Ұлттық банктің Экономикалық талдау басқармасының жетекші маманы Ақбөпе Құратова.

Оның талдауынша, көрші Ресей бұл стратегиялық секторына шетелдіктерді көп жіберген жоқ, шектеді. Өйткені оған деген қажеттілігі де аз еді. КСРО күйреген кезде Ресейдің мұнай саласы дамыған дәрежеге жетіп үлгерген-тін. Атап айтқанда, 26 мұнай өңдеу зауыты жұмыс атқарды. Шикізатты шетелге тасымалдайтын алып құбырлары - халықаралық магистралдері де соның қоластында болды. Бұдан бөлек, Поволжье, Тиман-Печора және Батыс Сібірдегі алып кен орындары Кеңес одағының қаржысына 1960 жылдан бастап игерілген.

Империя өз орталығын ойлайды ғой, Ресей

«қара алтынды» шикізат түрінде сатпай, оны өңдеп, өнімдер жасау тиімдірек екенін түсініп, тұңғыш мұнай өңдеу зауытын өз жерінде сонау 1863 жылы іске қосты.

Дегенмен, қазір батыстың санкциялық қыспағында қалған солтүстік көршінің бұл саласы біртіндеп кері кетуде. 2014 жылы Еуропалық одақ пен АҚШ «терең теңізасты мұнайын барлау мен өндіруге арналған жабдықтарды жеткізуге инвестицияларды тартуға», сондай-ақ «осындай жобалар үшін кез келген қызметтерді көрсетуге» санкциялар енгізді. Шетелден тікелей инвестиция тарту мүмкіндігінен айырылған Ресей амалсыздан балама құралдарға - кредиттер мен қарыздарға, құнды қағаздар мен облигацияларға ден қойды. Бұл ретте 2015 жылдан бері шетел валютасында номинирленген облигациялар шығару; таза пайда, активтерді сату секілді ішкі көздер мен резервтерді жұмылдыру, тікелей мемлекеттік көмек - РФ-дағы бұл саланы қаржыландырудың негізгі көзі болды. Ірі мұнай-газ топтарының бірі - «Роснефть» ұлттық компаниясы бір жыл ішінде 1 триллион 769 млрд рубль кредит пен қарыз алған, құнды қағаздарын сатқан (облигацияларды өтеу бойынша міндеттемелері 640 млрд рубльге жетті). «Лукойл» ЖАҚ пен «Газпром» ЖАҚ-тың да жағдайы осындай: олардың кредиттері мен қарыздарының жалпы сомасы 2017 жылы тиісінше 616 млрд және 3 триллион 266 млрд рубльді құрады.

2018 жылдың 9 айында ресейлік отын-энергетикалық пайдалы қазбаларды, соның ішінде мұнай, газ, көмір өндіруге 23 млрд доллар инвестиция келген, бұл алдыңғы жылғыдан 4,7 млрд долларға көп. Алайда сарапшылардың пікірінше, «егер АҚШ 2019 жылғы үлгідегі «Американың қауіпсіздігін Кремль агрессиясынан қорғау туралы» (DASKA 2.0) заң жобасын қабылдар болса, онда Ресейге тікелей инвестициялар ағыны қысқаруы ықтимал». Аталған құжат РФ мұнай ресурстарын игеру жобаларын қолдағандарға және шетелдегі ресейлік мұнай жобаларына қарсы санкциялардан тұрады. Бұл шараларды іске асыру батыстық мұнай сервистік компаниялардың солтүстік көршідегі жаңа мұнай өндіру жобаларындағы жұмысын шектеуі мүмкін. Қазақстан жағдайына келер болсақ, қазір мемлекеттің барлық ресурстары әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың тұрмысын жақсартуға, барлық осал топтардың әл-ауқатын көтеруға, баспанамен қамтуға жұмылдырылып жатқанда, мұнай-газ жобаларындағы мемлекеттік үлесті арттыру туралы сөз қозғау ерте болса керек. Бірақ бұл жолдың дұрыстығын дамыған ел-

дер тәжірибесі паш етуде. -Мысалы, мұнай кен орындарын игеруге кіріскенде, Норвегияда да шетелдік компаниялар қатары басым әрі үстем болды. Бірақ билік кейін «шикі мұнайды ел өзі дербес өндіруі және өңдеуі керек» деген байламға келді. Осыған орай мемлекет қатысуындағы ірі компаниялар құрылды. Оператор ретінде тиісті білім-біліктілікке ие болған ұлттық компания енді мұнай саласын бақылау ісінде мемлекетке жәрдем көрсетуде, - дейді сарапшы.

2005 жылдан бері шетелдік инвесторлар Қазақстанның мұнай-газ саласына 74,9 миллиард доллар қаржы салған. Осынша мол инвестицияны құюға әзірге жас отандық бизнес те, мемлекеттік бюджет те қауқарсыз екені құпия емес. Бірақ болашақта мұнай мен газ ресурсын өндіруді және игеруді Қазақстанның өз қолына алғаны маңызды. Бұл істе бізге Норвегия ғана емес, Австралия да үлгі бола алады. 1965 жылы тұңғыш теңіз ұңғымасын бұрғылай бастағалы бері Австралия мұнай-газ саласындағы қаптаған жобалардың айналасында технологиялардың көрсетілетін қызметтердің және өндірістердің инновациялық секторын құрды және оны дамытуда. Бұл елде жергілікті компаниялар тереңдегі, қашықтықтағы ресурстарды игерумен шұғылданады және жобаны басынан бастап соңына дейін жүргізу тәжірибесіне ие: олар барлау және бұрғылау технологияларын кең қолданады; су асты, геофизикалық, инженерлік және жобалау жұмыстарын жүзеге асырады; геотехника, қауіпсіздік, оқыту, пайдалану және техникалық қызмет көрсету салаларын кең меңгерген. Нәтижесінде, мұнай-газ саласына 2024 жылдың өзінде 243 миллиард доллар инвестиция тартылған.

Қазақстанның мұнай өндіру саласында жергілікті мазмұн дәл осылай дамыса, отандық мердігерлер мен қосалқы мердігерлердің біліктілік дәрежесі жоғарыласа, ешбір кен орны мен жобасының айналасында дау тумасы сөзсіз.

Ғалымдардың айтуынша, болашақта бұл мұнай-газ өнеркәсібін және мұнай-химия өндірісін дамытуға, жаңа отандық депрессорлық реагенттердің шағын өндірісін іске қосуға және Шымкент қаласы, Түркістан облысы сияқты халық тығыз орналасқан өңірлерде жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етеді.

Н.АЙТУРЕЕВА, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті колледжі
Мұнай мен газды қайта өңдеу теехнологиясы
пәні оқытушысы

СӘУЛЕТ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН БАҒДАРЛАРЫ

Көп жағдайда кәсіптер мен мамандықтар келесі топтарға бөлінеді: гуманитарлық (теория, философия, рефлексия және минималды физикалық күш басым болатын жерде), техникалық (күрделі, дәл, ғылыми деп саналатын), шығармашылық және т. б. сонымен қатар барлық санаттарға бір уақытта жатқызуға болатын мамандықтар бар. Өйткені рефлексия да, қиял да басым, және күрделілігі бар дәлдік, ғылыми канондар және т. б. дайындықтың осындай бағыттарының бірі - «Сәулет». Бұл мамандықты жоғары мамандандырылған және көп салалы университет негізінде, бірақ қатаң түрде жеке факультет негізінде оқытқан тиімді. Сондықтан, осы мәселені қысқаша талқылайық.

Сәулет факультетінің (кафедрасының) немесе университеттің жалпы сипаттамасы «Сәулет» мамандығы болашақ суретшілерді дайындаумен ғана шектелмейді. Ол көп қырлы, алуан түрлі және қызықты. Сәулетшіні қай жерде және қандай жағдайда кездестіруге болатындығы туралы ойланңыз, ол не істейді? Бір жағынан, оның жұмысы сызбалармен, жоспарлармен және жобалармен байланысты. Бірақ екінші жағынан, оның кәсібінде қиял, шығармашылық, сәулет тарихын білу, көркем, графикалық және техникалық, жаратылыстану пәндерін білу маңызды рөл атқарады. Білікті сәулетші болу үшін дұрыс мекемеге түсу маңызды. «Дұрыс университет» нені білдіреді? Бұл білім беру орталығы, онда дайындықтың тиісті сәулеттік бағыты жұмыс істейді, маман тәрбиелеу үшін тиісті жағдайлар бар.

Болашақ сәулетшілерді олардың барлық көріністерінде даярлау құрылыс, индустриялық, шығармашылық және көпсалалы колледждер мен жоғары оқу орындарының базасында жүргізіледі. Сонымен қатар, бұл мамандық үшін көбінесе жеке факультет бөлінеді. Жалпы «сәулет факультетін» табу қиын. Көбінесе бұл бағыт дизайнмен қиылысады. Бұл мамандықтардың көптеген ортақ тұстары мен пәндері бар, сондықтан олар бір қанатқа біріктірілген. Бірақ бұл дайындық арналарын шатастырмаған жөн. Иә, олар ұқсас, бірақ олар бірдей емес. Сәулет университеттері мен бөлімшелерінің негізінде әр түрлі жанрдағы сәулетшілердің қалыптасуы қарастырылған: сәулетші-қала құрылысшысы (градостроитель). Оның миссиясы құрылыс ортасындағы бас жоспарларды тексеру және түзету болып табылады. Ол аймақты дұрыс жобалап қана қоймай, объектіні салу кезінде көптеген факторларды ескеруі керек: инфрақұрылым, қауіпсіздік, техногендік және климаттық жағдайлар, экономика. Бұл маман әзірлеушіге идеяны жүзеге асыруға, оны толыққанды бағалау, іске асыру үшін сызбалық, құқықтық, экономикалық және басқа тұрғыдан қайта құруға көмектеседі. Сәулетші-дизайнер. Бұл маман иесі қауіпсіздік техникасын ескере отырып, объектілерді жобалаумен және жоспарлаумен айналысады. Мұнда техникалық, құрылыс негіздерін білуге, нысанды толтыруға шығармашылық көзқарасқа (ішкі және сыртқы) ерекше назар аударылады. Ол ұсақ-түйектерді зерттеу арқылы негізгі идеяны нақтылайды. Үй-жайлардың ауданы, көтергіш қабырғалар мен қосымша құрылымдар, толтыру, терезелер, есіктердің пішіні және т.б. сәулетші-қалпына келтіруші. Бұл маманның негізгі міндеті-тарихи ескерткіштерді, ғимараттар мен құрылыстарды бастапқы күйінде қалпына келтіру.

Сонымен қатар, бұл тек сыртқы қабыққа ғана емес, сонымен қатар ішкі бағытқа да қатысты. Сонымен қатар, оның тарихи сипаттамасына сәйкес ең жақын объектіні құру, бірақ сонымен бірге қазіргі заманғы материалдар, мен құралдар қолданылады. Ландшафт сәулетшісі. Мұндай дипломанттың көмегімен инфрақұрылымды дамыту, аумақтарды абаттандыру, коммуникацияларды, қосымша құрылыстарды, елді мекендерді (саябақтар, скверлер, үй маңындағы аумақтар және т.б.) жобалау жасалады. Олардың жұмысының ерекшелігі - ашық аумақта, табиғатта әрекет ету. Бұл жерде тек қиял маңызды емес. Ұсыныстардың пайдасы мен орындылығы, сонымен қатар экологиялық қауіпсіздік. Сәулетші-зерттеуші / оқытушы/. Бұл жағдайда дипломанттар теориялық және практикалық аспектілерді зерттеумен, сәулеттік ортадағы жаңа тенденциялар мен мүмкіндіктерді анықтаумен айналысады, олардың қызметін жетілдіру бойынша жаңа ойлар мен идеяларды дамытады, жаңа мамандардың қалыптасуына көмектеседі, жеке тәжірибелерімен бөліседі және т. б.

Сәулет (жалпы профиль). Бағдарлама архитектуралық дизайнмен, тәжірибеде одан әрі жаңғырту үшін архитектуралық және техникалық тапсырмаларды әзірлеумен байланысты. Азаматтық ғимараттардың архитектурасы қалалық және басқа ортаны сауатты, ерекше жоспарлай алатын, оған түс пен жайлылық беретін мамандарды даярлауды көздейді. Қалалық ортаның жасыл сәулеті (Ландшафттық сәулет және дизайн). Мұнда студенттер жаратылыстану ғылымдары мен дизайн негіздерін түсінеді, жергілікті саябақтарды, экологиялық орталықтарды қайта жасайды, қаланы ерекше екпелермен безендіреді, табиғи мүсіндер жасайды (өсімдіктер, ағаштар және т. б. кесуге арналған жобалар), сонымен қатар экологиялық туризмді дамытуға көмектеседі.

Сәулет ортасы. Бұл бағдарлама қаланың сұр көрінісін жаңа түстермен, нысандармен және құрылыстармен өзгерте алатын сәулетші-дизайнерлерді тәрбиелейді. Сонымен қатар, олардың миссиясы тек сыртта ғана емес, сонымен қатар үй ішінде де жұмыс істейді.

Өнеркәсіптік құрылыстардың сәулеті. Осы бағдарлама негізінде өнеркәсіптік, өндірістік орталықтардың, сауда орталықтарының және басқа да бизнес-құрылымдардың сәулетшілерін тәрбиелеу жүргізілуде. Олар барлық аспектілерді ескеруі керек: жайлылық, жабдықтың ерекшелігі, ауданы, қауіпсіздік техникасы, өрт, санитарлық және басқа да нормалар, сонымен бірге жұмыс мақсаттарына ыңғайлылық, логистика (көлік желісі), жайлылық, цехтардың немесе басқа бөлімшелердің орналасу логикасы (кеңселер, қауіпті өндірістерді анықтау және т. б.) және т. б. әлеуметтік-мәдени нысандардың сәулеті. Мұнда біз тарихи және басқа ескерткіштерді қалпына келтіре алатын, сондай-ақ аймақты өзгерту үшін жаңа заттар жасай алатын мамандарды тәрбиелеу туралы айтып отырмыз. Олар сыртқы дизайнмен, сондай-ақ жобаны жүзеге асыру үшін ең қолайлы материалдарды таңдаумен айналысады. Сәулет өнеріндегі қолданбалы информатика. Мұнда компьютерлік модельдеуді, макеттеуді, заманауи сызу бағдарламаларын және т.б. қолдана алатын қолмен және заманауи дизайн технологияларын білетін заманауи сәулетшілер дайындалады. Бұл мамандық ұйымдық және экономикалық салалармен көбірек байланысты. Бұл мамандар компанияның әртүрлі құрылымдары арасында ақпарат алмасуды және өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді. Түлек біріктірілген сарапшылар: бағдарламашы-талдаушы-сатып алу маманы-логист және т.б. олардың жұмысы негізінен ақпараттық арналармен және басқару саласындағы шешімдерді әзірлеумен байланысты. Осылайша, қолданыстағы архитектуралық бағдарламалар әр түрлі қызмет салаларымен байланысты: Құрылыс және абаттандыру, жылжымайтын мүлікті есепке алу, экономика, бағдарламалау, шығармашылық және т. б.

Сабақтар қалай өтеді? Барлық дәрістер мен семинарлардың шамамен 50% - ы кез-келген басқа мамандық сияқты өтеді. Қаламы бар дәптер, дәріс жазу, есептерді шешу (егер пән техникалық болса), содан кейін практикалық сабақ немесе зертханалық жұмыс. Бірақ сабақтың қалған 50% - ы мүлдем басқа жүйеде өтеді. Сурет, кескіндеме және мүсін сабақтарында не болатыны атауынан анық, бірақ архитектуралық жобалауда, көлемдік - кеңістіктік композицияда және компьютерлік графикада сабақтар мамандандырылған курстар ма, әлде макет үйірмесі ме, әлде жоба бойынша ұжымдық жұмыс жүргізілетін шулы кеңсе ме, жоқ па, соларды қамтиды.

Сәулет мамандығына тән оқудың ерекшелігі - әр студент мамандандырылған пәндер бойынша сабақ кезінде мұғалімдермен тығыз қарым-қатынас жасайды, белгілі бір мәселелерді шешудің нұсқаларын іздейді. Оқу күнінің негізгі бөлігін практикалық сабақтар алады, сондықтан Студенттер бір-біріне көмектесіп, өзара көп сөйлеседі және кеңес береді. Оқытушы мен студенттердің ынтымақтастығы нәтижесінде студенттер де бүкіл оқу барысында тәрбиеленеді және олардың барлық кәсіби өмірі-білімімен тығыз байланысты.

А.МАМЫРБАЕВ,
«Сәулет және қала құрылысы»
кафедрасының аға оқытушысы



Жаңа кітаптың тұсауы кесілді

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің 80 жылдық мерей тойына орай, Аграрлық факультетінде, «Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасында «Ақпарат әлеміндегі кітаптың ролі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстелде кафедраның ғылыми оқу өндірістік базасы болып табылатын «Су ресурстары - Маркетинг» ЖШС бас директоры, т.ғ.к Орманов А.О. және т.ғ.к., доцент Джарболов Н.М. авторылығымен дайындалған Сумен жабдықтау және су бұру жүйесі бойынша «500 сұрақ пен жауап» атты кітабы презентацияланды.



Кітап сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану іс шараларын тиімді жүргізуге ықпал ететін 20-дан астам қағида, әдістемелер және мемлекеттік нормативтік құжаттар, болашақ құрылыстардың техникалық параметрлерін нақтылаудағы зерттеу жұмыстарына өзекті анықтамалармен толықтырылған. Иллюстрациялар үш тілде (қазақша, орысша, ағылшынша) лонгрид, визуал, фото материалдармен жаңашаланып, техникалық шешімді дұрыс қабылдағанын өз бетінше тексеруге мүмкіндік беретіндей түрде жасалған.

Кітап сан алуан мәліметтерге толы. Сомен қатар кітапта алғашқы беттерінде ұлы есімдер, Абайдың қара сөздері, ғылым жолы, ұлы адамдардың су туралы ойлары мен сөздері келтірілген: «Суға жердегі өмірдің шырыны болу үшін сиқырлы күш берілген» - деп атап өткен Леонардо да Винчи.

«Су түссіз. Ол ағып, кез-келген пішінді алады. Судың ластануын тоқтату керек. Бұл оның нәзік мәні. Пішінсіз су тартылыс әсерінен түзетіліп төмен түседі. Бір рет тұндырылған су бұрынғыдай болмайды» - жапон халық даналығы.

Кітаптың авторлары кафедрадағы су шаруашылығы саласының мамандарына және Аграрлық факультеттің кітапхана қорына 30 дана кітапты сыйға тартты.

Өндіріс орнының қызметкерлерімен дайындалған кітап білім алушылардың теориядан практика бейімделуіне зор ықпал етеді.

Қазіргі жағдайда суды басқару және қоршаған ортаны қорғау су шаруашылығының маңызды аспектілеріне айналуға және кітап осы мәселерді түсінуге көмектесетін, дағдыларымызды байытатын дүние болып табылады.

П.СУЛТАНБЕКОВА, «Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника» кафедрасының меңгерушісі, доцент